

2022 жылғы 25-31 наурыз аралығындағы кезеңге АПТАЛЫҚ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАМ

NASA спутниктері суреттерінің деректері бойынша 16.03-23.03.2023 ж. кезеңінде "Қазгидромет" РМК есептеген Қазақстан аумағының қармен жабылған ауданы 39% - дан 34% - ға дейін төмендеді (1-қосымша).

ҚР жазық аумақтарының өзен алаптары бойынша ылғал қорының көлемі мен топырақтың қату тереңдігі (*қар өлшеу бақылау пункттерінен 500 метрден астам қашықтықта жүргізіледі*) 2-қосымшада келтірілген.

2023 жылғы 25-31 наурыздағы алдағы аптаның синоптикалық болжамына сәйкес елдің батысында жаңбыр болжанады, ҚР-ның солтүстігінде, орталық және шығыс аумақтарында кезеңің ортасынан бастап түнде жауын-шашын (қар, жаңбыр), күнде жаңбыр болжануда, **осыған байланысты жоғарыда аталған өңірлердің тау бөктері аудандарында еңістік ағын қалыптасуы күтіледі.**

Барлық кезең Шығыс Қазақстан облысының оңтүстігінде, кезең ортасынан бастап Қарағанды облысының оңтүстігінде күндізгі температура 2-5 жылыға дейін жетеді. (3 қосымша).

ҚР батысында, кезеңнің көп бөлігінде түнгі температура $+2+10^{\circ}\text{C}$ шегінде сақталады, күндіз температуралық фон $+12+20^{\circ}\text{C}$ деп күтілуде, Атырау облысында $+17+25^{\circ}\text{C}$, кезеңнің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

ҚР солтүстігінде, еліміздің орталығында және шығысында алдағы аптада түнгі және күндізгі ауа температурасы көтеріледі деп күтілуде (3-қосымша).

Қарағанды және Ұлытау облысы бойынша

16.03. - 23.03.2023 ж. кезеңінде жинақталған ылғал қорының көлемі:

Нұра өзенінің алабы бойынша 14 млн.м³ ұлғайды және 365 млн. м³ құрайды;

Шерубайнұра өзенінің алабы 25 млн. м³ ұлғайды және 309 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 28% - ға аз;

- **Кеңгір өзенінің алабы** бойынша 87 млн.м³ азайды және 68 млн.м³ құрайды

2023 жылғы 25-31 наурыз кезеңіне арналған ағынның болжамды көлемі

- Самарқанд су қоймасына келіп құятын Нұра өзені бойынша (Балықты ГБ тұстамасында) 1,70-2,45 млн. м³ көлемінде;

- Шерубайнұра су қоймасына келіп құятын Шерубайнұра өзені бойынша (Қарамұрын ГБ тұстамасында) 3,20-4,80 млн. м³ көлемінде;

- Кеңгір су қоймасына келіп құятын Кеңгір өзені бойынша (Қаракеңгір және Сарыкеңгір ГБ тұстамаларында) күтілмейді;

Есіл өзенінің алабы бойынша. (Ақмола облысы және СҚО бойынша)

16.03. - 23.03.2023 ж. кезеңінде жинақталған ылғал қорының көлемі:

Бастаудан Астана су қоймасына дейін 42 млн.м³ -ға азайды және 95 млн.м³ құрайды.

Қалқутан өзені алабы бойынша (Есіл өз.) 264 млн.м³ азайды және 1106 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көп жылдық мәннен 32% - ға аз.

Жабай өзені алабы бойынша (Есіл өз.) 77 млн.м³ азайды және 1100 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көп жылдық мәннен 23% - ға жоғары.

Сергеевское су қоймасына дейін 314 млн.м³ көбейді және 8496 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көп жылдық мәннен 139% - ға артық.

Сілеті өзені алабы бойынша 25 млн. м³ азайды, және 62 млн.м³ құрайды.

Шағалалы өзені алабы бойынша 1 млн.м³ азайды және 81 млн.м³ құрайды.

2023 жылғы 25-31 наурыз аралығында ағынның болжамды көлемі:

- Есіл және Мойылды өзендері бойымен Астана су қоймасына келетінс су (Турген және Николаевка ГБ жармалары бойынша) 1,40-2,10 млн. м³ көлемінде;

- Сергеевское су қоймасына келіп құятын Есіл өзені бойынша (Тоқсан би және Иманбұрлық ө. Соколовка ГБ тұстамаларында) 4,00-6,00 млн. м³ көлемінде;

- Сілеті су қоймасына келіп құятын Сілеті өзені бойынша (Бестоғай ГБ тұстамасында) күтілмейді;

- Шағалалы су қоймасына келіп құятын Шағалалы өзені бойынша (Павловка ГБ тұстамасында) күтілмейді;

Ақтөбе облысы бойынша

16.03. - 23.03.2023 ж. кезеңінде жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **Ілек өзені алабы бойынша** 187 млн.м³ азайды және 6 млн.м³ құрайды.

- **Қарғалы өзені алабы бойынша** 75 млн.м³ азайды және 171 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көп жылдық мәннен 32% - ға аз.

2023 жылғы 25-31 наурыз аралығында ағынның болжамды көлемі:

- Ақтөбе су қоймасына келіп құятын Ілек өзені бойынша (Бестамақ ГБ тұстамасында) көлем 58-84 млн. м³;

- Қарғалы су қоймасына келіп құятын Қарғалы өзені бойынша (Троицкое және Қосістек ГБ тұстамаларында) 0,57-0,82 млн. м³ көлемінде;

Батыс Қазақстан және Атырау облыстары бойынша

Батыс Қазақстан облысының алаптарында орналасқан бақылау пункттері бойынша қар толығымен түсті. Өзендердегі су тасқыны шыңдары өтті (Жайық өзенінен басқа), болашақта су деңгейінің төмендеуі күтілуде. Жайық өзенінің сулылығы Ресей Федерациясында орналасқан өзеннің жоғарғы ағысындағы гидрологиялық жағдайға байланысты.

Ақтобе облысы бойынша

16.03. - 23.03.2023 ж. кезеңінде жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **Тобыл өз. алабы бойынша** (Жоғарғы Тобыл су қоймасынан жоғарыда) 170 млн.м³ азайды және 773 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндердің шегінде;

- **Тобыл және Аят өз.алабы бойынша** (Қаратомар су қоймасына келіп құятын) 64 млн.м³ азайды, 640 млн.м³ құрайды. Бұл орташа көпжылдық мәндерден 30 % - ға жоғары.

2023 жылғы 25-31 наурыз аралығында ағынның болжамды көлемі:

- Жоғарғы Тобыл су қоймасына келіп құятын Тобыл өзенінде (Гришенка ГБ тұстамасында) 3,20-4,80 млн. м³ көлемінде;

- Қаратомар су қоймасына келіп құятын Аят өзенінде (Варваринка ГБ тұстамасында) 2,40-3,6 млн. м³ көлемінде.

Таулы өзендер

Шығыс Қазақстан, Абай, Түркістан, Жамбыл, Алматы және Жетісу облысы таулы өзендерінде ел аумағында қалыптасқан су тасқыны қатты жауын-шашынға байланысты.

ШҚО, Абай, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының және Жетісу облысы таулы өзендерінде қар қоры айына бір рет 25 қар өлшейтін маршрут бойынша анықталады. Бір қар өлшеу маршрутының ұзындығы орта есеппен 100 км. Тиісінше, тау өзендері бойынша қар қоры бойынша келесі деректер 2023 жылғы сәуірдің алғашқы онкүндігінде ұсынылатын болады.

Глубина промерзания почвы наблюдается лишь в Восточно-Казахстанской и Абайской областях и на отдельных метеостанциях Алматинской области. Данные по глубине промерзания грунта по горным территориям РК в приведены в Приложении 4.

ҚР таулы аймақтары бойынша топырақтың қату тереңдігі ШҚО және Абай облыстарында, Алматы облысының жекеленген метеостанцияларында ғана бақыланады. ҚР таулы аймақтары бойынша топырақтың қату тереңдігі бойынша деректер 4-қосымшада келтірілген.

Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстары бойынша

ЖҚЗ түсірілім деректері бойынша 9.03-16.03.2023 ж. кезеңінде аумақтарды қармен жабылған алаңы:

- Жамбыл обласында өзгеріссіз және 1%-ды құрайды;
- Түркістан обласында өзгеріссіз және 2%-ды құрайды;

Қар жамылғысы тек таулардың жоғарғы басында байқалады.

Түркістан және Қызылорда облыстарының аумағындағы Сырдария өзені мұздан толығымен тазартылды.

Алматы және Жетісу облыстары бойынша

Алматы облысының аумағын қармен жабылған алаңы 16.03-23.03.2023 ж. кезеңінде 15%-дан 13%-ға дейін азайды.

Жетісу облысының аумағы қармен жабылған алаңы 16.03-23.03.2023 ж. 16%-дан 20%-ға дейін көбейді.

Қар жамылғысы тек 1000 м биіктіктегі тауларда байқалады.

Іле өзені Қапшағай су қоймасынан төмен Үшжарма ауылы мұздан тазартылды, Жиделі ауылында қалдық жағалық мұз байқалады.

Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бойынша

16.03-23.03.2023 ж. кезеңінде Шығыс Қазақстан облысы аумағында қармен жабылған алаң 80% - дан 89% - ға дейін көбейді.

16.03-23.03.2023 ж. кезеңінде Абай облысы аумағында қармен жабылған алаң 68% - дан 74% - ға дейін көбейді.

Шұлбі су қоймасынан төмен Семей қаласындағы Ертіс өзенінде мұздың жүруі және қалдық жағалық мұз байқалады. Семиярка ауылында мұз үстіндегі су, мұздың орташа қалыңдығы 83 см құрайды.

Павлодар облысының аумағында Ертіс өзенінде РФ шекарасына дейінгі мұздың орташа қалыңдығы 62-78 см құрайды.

Қазіргі уақытта келесі өңірлерде: Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында **су тасқыны қаупі жоғары.**

Қауіпі орташа өңірлер: Ақтөбе, Павлодар және Ұлытау облыстары.

Қауіпі төмен өңірлер: Батыс Қазақстан, Атырау, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Алматы және Жетісу облыстары (5-қосымша).

Бас директор

Д. Алимбаева

Бас директорының орынбасары

С. Саиров

ГД ГМБ Басшысы

Б. Жекижанов

Орындаушы

С. Ибраев